

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

Дүниенің дүр сілкінтекен Димаш

Бұл түні Ыстанбұл түбі бір түркінің емес, күллі әлемнің рухани орталығына айналғандай. Жер-жаһанның түкпір-түкпірінен асыға жеткен нөпір халық әнімен жүректерге жылу құйған әншісіне жанкүйер болуға Түркияның әйгілі «Бешікташ» стадионына жиналды. Алты Алаштың алақанынан асып шығып, алты құрлықтың қымбатына айналған дүлдүл Димаштың ән кеші ғой себебі.

Концерт уақыты 21.00 деп белгіленген. Бірақ стадион алдын кешкі сағат алтыдан бастап толтырған тыңдарман концерт басталғанша «Бешікташ» төрін үлкен мерекеге ұластырыды. Әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған халық санында шек жоқ. Түрлі тосынсыйларымен таңғалдырыған Димаш жанкүйерлері – «Dearstyiң» думаны тіпті ерекше. Әншінің бейнесі салынған түрлі бұйымдар, денеде бедерленген сан алуан суреттер, Димаш әнін жатқа шырқаған алты құрлықтың ақеділ пейілі мен шынайы өнерге деген шексіз махаббаты шынымен-ақ көніл толқытады. «Махабbat бер маған» деп қазақша ән салған бұл қалың нөпірдің ұлты мен ұлысын, ойы мен талғамын бір арнада тоғыстырыған ортақ тін – шынайы өнерге деген махаббат еді.

Иә, бұл күн – ерекше күн, тарихи сәт. Әрбір жеке концерті үлкен өнер оқиғасы ретінде өтетіндігіне үйреніп алған әнші тыңдармандары Димаштың «Stranger» шоуын асыға күтті. Оның үстіне Димаш жанкүйерлері дәл осы күні әншінің 30 жасқа толған мерейтойын да бірге тойлау мәртебесіне ие болып отыр. Бір сөзben айтқанда, бұл концерт – Димаштың, оның отбасы мен достарының, әріптестерінің және әлемнің түкпір-түкпірінен келген мындаған жанкүйердің көптен күткен айрықша кездесуі.

Хош, сонымен сағат тілі Ыстанбұл уақытымен 20.00-ді соққанда бірнеше ай демін ішіне тартып күткен көрермен үшін әйгілі стадионың есігі де айқара ашылды. Құшағына 42 мың көрерменді еркін қабылдайтын алып ғимарат өз тарихында осы күнге дейін небір талантты өнер майталмандарына сахнасын ұсынып, даңқ шынына көтерілуіне жол салған. Олардың қатарында Мұсілім Магомаев, Майкл Джексон сынды мегажұлдыздар бар. Айтулы аңыз әншілер өнер көрсетіп, лық толы көрермен жинаған Ыстанбұлдың әйгілі «Бешікташ» стадионына сол аңыздардың жалғасы болып, орда бұзған отызында Қазақтың Димашы көтерілді. Ұғы-жығы халықтың қымылы сап тыйылып, стадион ішіндегі тіршілікті енді құлақ тұндырар қошемет үні құмықтырды.

«Stranger» шоу-концерті атаяуы айтып түрғандай, шынымен-ақ әншінің бұған дейін тыңдарманына беймәлім болып келген бейтаныс қырларын паши еткен, өнерде шекара болмайтынын дәлелдеген ғаламат кеш болды. Музыканың сан алуан жанрында еркін көсіліп, табысты

тәжірибесін таныстырған Димаштың талғамы мен интеллектуалдық деңгейі қандай құрметке де лайық. Кеш бойы концерт тізгінін қолына алып, қазақ, ағылшын, түрік тілдерінде еркін көсілген әнші нотаның да көп әнші бойлай бермейтін шыңдарынан үн қатты. Оның «Ұмытылmas күн», ең көлемді туындысы «The Story Of One Sky», сондай-ақ жақында жарық көрген «Smoke» және «When I've Got You» туындылары да бүгін ерекше стильде орындалды. Шыңылтыр үннің тазалығы сондай, саф өнерге бас иген көрермен үш жарым сағат бойы сілтідей тына классикалық музыкаға қөңіл қойды, Димашқа қосылып, бірге ән шырқады.

Шоу-бағдарламада әншінің құрметті досы, композитор Игорь Крутой-дың туындылары ерекше орын алды. «Olimpico» атты айбынды кантата мен «Ave Maria» шебер вокализациясы үлкен алаңың арқасының астында өте әдемі және кең көлемде шырқалса, Димаш пен композитор Крутой-дың шығармашылық тандемін бейнелейтін классикалық дыбысты ұлттық қазақылықпен үйлестіретін «Stranger» туындысы шоу-бағдарламасының шарықтау шыңы болды десек, артық айтқандығымыз емес. Ал жанкүйерлердің ерекше сүйіспеншілігіне ие болған «Любовь уставших лебедей» әні бұл күні бүкіл көрерменнің қосылуымен айрықша сипатта қайта шырқалды.

«Stranger» шоу-бағдарламасын сонымен қатар туған күн иесінің қонақтары мен достарының тосынсыйлары мен қойылымдары одан әрі әсерлендіре түсті. Атап айтсақ, өнер иесін құттықтауға Түркия, Қазақстан, АҚШ-тан әлемге әйгілі музыканнтар келді. Соның бірегейі һәм мерейтойлық кештің айтулы жаңалығы - Димаш алғаш рет Лос-Анджелестен келген қонақ, композитор, продюсер, көптеген танымал музыкалық туындының авторы Нейтан Вангпен бірге бір сахнада өнер көрсетті. Әнші композитордың сүйемелдеуімен әйгілі актер Джеки Чанның «Авангард» фильмінің саундтрегін алғаш рет сахнада орындағы. «Happy» аталатын бұл композицияны Димаш 2020 жылы фильмің соңғы нүктесін қоятын саундтрек ретінде жазған болатын. Димаш пен Нейтанның өнер көрсетуі көрермендер үшін үлкен тосынсый болды. Тыңдармандар қытай тіліндегі виртуоздық фортепиано мен бір қарағанда жеңіл болып көрінетін вокалдық дауысты ерекше әсермен қабылдады.

Уш ай бұрынғы концерт алдындағы журналистермен кездесуінде: «Түркиядағы концертке кімді шақыратынымды әзірге айтпай-ақ қояйын, ол құпия болсын. Концертте міндетті түрде Түркияның белгілі бір әншісімен немесе өнер ұжымымен өнер көрсетіп, Қазақ елі мен Түркия халқының бір-біріне деген достық қарым-қатынасының үлкен айғағын сахнаға алып шығып көрсеткім келеді» деген әнші уәдесінде тұрды. Димаштың жеке концертінің арнайы қонағы, әнші, композитор, гитарист, тек шығармашылық қана емес, қайырымдылық қызметімен де кеңінен танымал және халық сүйген түрік халықтық хард-рогын

жаңғыртқан мұзықант Халук Левент қабылдаушы ел атынан қазақ өнерпазын түрік жерінде қарсы алғып, Димашқа гитарасын сыйға тартты. Сонымен қатар Рокер Халук пен классикалық вокалист Димаш сахнадан акустикалық гитараның сүйемелдеуімен түріктің ең танымал «Gesi Bağları» әнін орындады.

Концерттің тағы бір қонағы атақты диджей Бурак Йетер болды. Ол Димашпен былтыр Түркиядағы «Weekend» әнінің премьerasы өткен алғашқы концертінен бері бірге жұмыс істеп келеді. Айтулы жарқын шығарма Түркия түнін тамылжытқан «Stranger» шоуда тағы да орындалып, көрерменнің ерекше ықыласына ие болды. Ал Бурак Димашқа өткен жылғы концерт-шоуында ерекше танымал болған «ғарыш» күртесін сыйлады.

Мерейтойлық думанның тағы бір арнайы қонағы, елімізге белгілі композитор Ренат Гайсин де осынау мерейлі құні әншінің қасынан табылды. Сазгердің пианинода және Олжас Құрманбектің қобызда сүйемелдеуімен орындаған Димаштың «Қайран елім» әні қазақтың жанын жырлап қана қоймай, әртістердің адам тағдыры жайындағы терең толғаныстарын да жан-жақты аша түсті.

«Stranger» шоудың көрермен үшін ғана емес, әнші үшін де тосынсый болған тамаша сәті – ұстазы Марат Әйтімовтің шәкіртін туған құнімен құттықтау үшін үлкен тортпен сахна төріне шығуы. Мұны көріп қатты толқыған Димаш ұстазына және бүгінгі оның арманын жүзеге асырған жанқүйерлеріне алғысын білдірді. Қөніл түкпіріндегі арманын айтып, торттың бетіндегі шырақты үрлеген сәттегі әнші тілегі концертке жиналған тыңдарман көнілін толқытты. Димаштың тілегі – әлем, бейбітшілік және махабbat еді. Әнші сөзінің әсерлі шыққаны соншалық, көзіне жас алған көрермен көп болды. Ал «Together» әнін бірге орындағаннан кейін жас мұзықант, інісі Әбілмансұр Құдайберген: «Маған шабыт бергеніңіз үшін және мұзықаға қатыстының барлығын үйретіп жатқаныңыз үшін көп раҳмет», деп ағасына алғысын білдіріп, жүрекжарды құттықтау лебізін жеткізді.

Концерттегі көрермен ықыласы тіпті ерек. Олардың телефон шамы арқылы сүйікті әншісін қолдауы өз алдына, сөзін көпшілік жатқа билетін «Махабbat бер маған» әнін әлемнің 21 елінен жиналған мындаған жанқүйер жатқа шырқады. Осы бір толқынысты сәтті сөзben айтып жеткізу мүмкін емес.

«DimashAli» шығармашылық орталығының мәліметінше, хорға 7 ақпаннан бері Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Америка, Еуропа, Азия елдерінен Димаштың жанқүйерлері дайындалып, соның негізінде жобаға қатысыпты. Ұйымдастырушылар айрықша еңбегі үшін қобызшы Олжас Құрманбекке және осы ауқымды жобаның басты бастамашысы әрі жетекшісі болған поляк Димаш фан-клубының өкілі Агнешка Члапқа алғыс білдірді. Dimash FC Poland фан-клубының администраторлары: «Әніміз барлығына ұнайды және Димаш Dears-ты мақтан тұтады деген

үміттеміз», деп әсерімен бөлісті. Жауап ретінде Димаш Құдайберген үнсіз қалмай, жанкүйерлеріне қолдау көрсетіп, туған тілі мен Қазақстанның мәдениетіне деген сүйіспеншілігі мен құрметі үшін шекіз алғысын білдірді.

Иә, Димаш бұған дейін де өзінің жанкүйерлерінен құралған «Dears» тобын «отбасым» деп талай рет айтқан болатын. Ал бүгін үлкен стадионда нағыз бір үлкен отбасының туған күні өтті. «Dears» туған күн иесімен бірге қосылып, фан-зонада «Golden», «Give Me Your Love», «Be With Me», «Fly Away» әндерін бірге шырқап, биледі, көңіл көтерді. Концерт барысында әртістің жанкүйерлері Димаштың бұрыннан танымал болған «Battle Of Memory» және «Sos D'un Terrien En Détresse» әндерін орындағы. «Stranger» мен «Дұрдараз» шығармаларындағы ұлттық аспаптардың әрбір үніне шабыттанып, тәнті болды. Концерт бойы сүйікті әндеріне қосылып, бірге ән шырқады. Ал сөзін көпшілік жатқа билетін «Махаббат бер маған» әні орындала бастағанда, барша көрермен өнерпаздың орнына хормен ән шырқады. Сол сәтте Димаш көрермендер арасынан өзіне табыс етілген Қазақстанның туын мақтанышпен ұстап тұрып, барша жиналған қауымға ризашылығын білдіріп, әлемге бейбітшілік тілейтінін жеткізді.

«Түрікше, ағылшынша сөйлеп жатырмыз, алайда менің туған елім, ана тілім бар. Менің тілеуімді тілейтүғын барша қазақ елінің атынан түрік ағайынға, әлемнің түкпір-түкпірінен келген жанкүйерлерге мың тағзыым, үлкен раҳмет! Еліміздің көк байрағы күллі әлем алдында желбірей берсін. Әлемде бейбітшілік, татулық болсын. Ел мен елдің арасында әрқашан өзара достық болсын. Достаса білу – үлкен даналықтың белгісі. Сондықтан осы концертте ұлттарыңыз бөлек болса да, өзара бірігіп, көңілдеріңіз бір арнаға тоғысып, келіп отырғандарыңызға мың мәрте раҳмет», деді Димаш Құдайберген.

Иә, жер жүзінің әйгілі сахналарында жарқын өнер көрсетіп, әнімен әлемді әлдилеген Димаштың осы кештегі тағы бір тәнті еткен қасиеті – әр қимылды мен әрекетінен, үні мен өнерінен өзінің қазақ екенін паш етіп отырар болмысының ұлтжандылығы дер едік. Үні ғана емес, тілімен де ұлтын ұлықтап, әні арқылы әлемді қазаққа бас игізген ерлігі – Димаш феноменінің бір құпиясы дер едік. Сахна арқылы қазақтың әнін ғана емес, салты мен дәстүрін, ғұрпы мен ғибратын, ұлттық құндылықтарын да өнерімен біртұтас бірлікте ұсына алуы – әнші әлемінің әдемілігі һәм бірегейлігі. Әйтпесе қазақ қай заманда да таланттан кенде болған жоқ қой. Бірақ дәл Димаштай дүниені қазаққа бас игізіп, әлем халқына қазақша ән шырқатқаны некен-саяқ.

Иә, Димаш – жұлдыз, Димаш – сенсация, Димаш – феномен. Оның даусы бүкіләлемдік гарвитация заңын іске қосқандай: шалқытты, тасытты, тұңғиыққа тартты, көкке көтерді. Димаш – бүгінде алты Алашты ғана емес, алты құрлықты өнеріне табындырған әнші. Оның даусы диапазоны музика тілімен айтқанда, 5-6 октавадан тұрады. Бірақ

әншінің өзі болса: «Менің даусымды 5-6 октава деп, тыңдармандарым тек соған ғана мән бермесе екен. Дауыс тек ән айту құралы ғана. Менің мақсатым – сол дауыстың құдіретімен адамдарды күнделікті тірліктің құйбеңін алып кетіп, арманدار мен ертегілер әлеміне апару», дейді.

Бүгінгі кеш дәл сол сезімнің шыңына жеткізген ерекше кеш болды. «DimashAli» шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен өткен концерттің бас демеушісі – «RAMS Qazaqstan» құрылыш компаниясы. Айтулы алпауыт компания Димаш үні арқылы құллі түркі әлемінің тұтастығын танытуды мақсат тұтыпты һәм қазақ өнерінің әлемдік аренада насихатталуына басымдық берген екен. «Компания түркі халықтарының достастығын қолдайды. Отандық өнерімізді демеу арқылы өзге халықтар алдында елімізді одан сайын танытып, жақындана түсеміз. Бұл – компанияның басты ұстанымы. Димаш – елімізді әлемге танытып жүрген үлкен мақтанышмыз. Сондықтан оған қолдау көрсете отырып, компаниямыз еліміз Қазақстанның мәдениеті құллі әлем халқына танылуына үлес қосады деп сенеміз. Біз қазақ әншісін Қазақстанның тыс жерлерде де қолдай алатынымызға қуаныштымыз», деді «RAMS Qazaqstan» компаниясының PR бөлімінің директоры Евгения Кожа-Ахмет.

Атағы әлдеқашан алты Алаштан асып, алты құрлыққа жеткен талант бұл құні шынымен жарқырады. Не деген еңбек, не деген талант, не деген энергетика! Музыканың сан жанрында еркін көсілген Димаш әлемін бейне бір ғарыш дерсіз! Айтуға – тіл, суреттеуге сөз жетпейді. Оны тек көзben көріп, жүрекпен сезіну керек! Мақтандық, марқайдық! Жасай бер, қазақтың Құдай берген Димашы!

АСТАНА – ҰІСТАНБҰЛ – АСТАНА

P.S: «Stranger» туры Түркиямен шектелмей, алдағы уақытта Чехия мен Германияда да жалғасын табады деп жоспарланып отыр. Нақтылап айтап болсақ, «Stranger» шоуы Прагада 22 қарашада, ал Дюссельдорфта 24 қараша қуні өтеді. Концерттің Чехияда өтетін орны – «Sortovni Hala Fortuna», Германияда – «PSD BANK DOME».

Тақырыпқа орай

Нұрлан ӨНЕРБАЕВ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

– ҰІстанбұл төріне қазақтың талантты перзенті, бауырымыз Димашты қолдап келіп қалдық. Концерттің алдында әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған Димаштың жанкүйерлерімен кездестік. Қазаққа, оның өнері мен салт-дәстүріне деген махаббаты ерекше екен. Қазақ тілінде

Димаштың әндерін жатқа орындағанын көріп, жүрегім толқыды. Өнерде шекера болмайды деген осы шығар. Қазақ өнерін дүние дидарына танытып жүрген Димашқа осы үшін де алғыс айтқым келеді. Әманда ұлттық өнеріміз өрістей берсін!

Айшегүл ДЕНИЗ,

Димаштың жанкүйері (Түркия):

– Қазақ тілін Димаштың арқасында үйрендім. Оның әндері қазақ ұлтына деген қызығушылығымды оятты. Соның арқасында қазақ тілін үйренемін деп шештім. Қазір тек ауызекі сөйлеуге шамам жетті. Бірақ болашақта әлі де тереңірек үйренсем деймін. «Махаббат бер маған, тағдыр» әні – Димаш шығармашылығындағы ең сүйікті әнім. Бүгінгі концертте Димашпен қосылып рахаттана орынадады.

Андреа ҚҰДАЙБЕРГЕН,

Димаштың жанкүйері (Чили):

– Димаштың өнеріне ғашық болғаным соншалық, қазақ тілін ғана емес, қазақтың ұлттық музикалық аспаптарын, әндерін тыңдау, үйрену маған үлкен қуаныш сыйлайды. Өздеріңіз білетіндегі, мен қазір домбырада ойнауды үйрендім. Алдағы уақытта тағы да басқа аспаптарда ойнауды үйренсем деймін. Бүгін мен Димаштың концертіне арнайы Чилиден ұшып келдім. Әншімен алғашқы кездесуім болғандықтан, қатты толқыдым. Бірақ концерт өте жоғары деңгейде өтті. Димаштың әндері керемет! Көмейіне бұлбұл ұя салған Димаш әнші жасай берсін деймін!

Леонардо КАНТРО,

Димаштың жанкүйері (Аргентина):

– Концерттен кейінгі әсерім ерекше, сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Димашты қолдап жүрген жанкүйерлердің басын қосқан «Dears» бізді бір отбасыға айналдырды десем болады. Қазір барлығымыз туысқан сияқтымыз. Бүгін көзбе-көз жүздесіп, мәре-сәре болып жатырмыз. Концерт те керемет өтті. Жанымыз рахаттанып шықтық. Алдағы уақытта Димаш Латын Америкасы елдеріне келіп концерт берсе, қуана қарсы алар едік. Осындай біртуар өнерпазы, Димаштай талантты перзенті бар Қазақ елі шынымен бақытты! Димаштың өнері өрлей берсін дегім келеді!

Назерке ЖҰМАБАЙ